

Секция
«Современное состояние и перспективы развития
полиязычной подготовки студентов
неязыковых вузов»

УДК.378:37.091.3

Бимашева Г.С, Кенжеғалиева А.Г, шет тілдері кафедрасының аға оқытушылары
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қ. ҚР

КӘСІБИ БІЛКТІЛІКТІҢ БАСТЫ ШАРТЫ – ТІЛДЕРДІ МЕНҒЕРУ

Аннотация

Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, кәсіби біліктілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеп, оларды бәсекеге қабілетті білім негіздерімен қаруландыру және қазіргі жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

***Түйін сөздер:** көптілді, жаһандану, полимәдениетті, лингвистикалық, кәсіби біліктілік, шет тілі, коммуникативтік құзырлық, ағылшын тілі, кәсіби бағыт-бағдар, халықаралық.*

Жаһанданудың қазіргі үдерісі, отандық білім берудің әлемдік білім кеңістігіне енуі, жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы жеке тұлғаның жалпы коммуникативті мәдениеті болашақ маманның шет тілінде коммуникативті құзырлығының қалыптасуы білімнің халықаралық дәрежесінің жоғарылауына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастықта жедел қарқынмен даму кезеңінде әлемдік экономикаға жан-жақты ену кезеңінде, шет тілін терең меңгерген, күнделікті және кәсіби салада оны тиімді пайдалана алатын мамандарға деген сұраныс көбеюде.

Көптілді білім беру қазіргі білім берудің басты бағыттарының бірі болып табылады. Көптілділік жастардың жалпы адамзаттық құндылықтар үйлесімділігін, оның ұлттық-мәдени, этникалық қажеттілігін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Елбасы Н.Назарбаев көптілді білімді дамытуға жіті назар аударып «..еліміздің басты құндылықтарының бірі және басты артықшылығы-көп ұлттылық пен көп тілділік»деп атап көрсеткені белгілі. Көптілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғының жаңа үлгісін құруды көздейді.

Қазіргі білім беру жүйесінде полилингвизмнің қалыптасуы интеграция мен жаһандану жағдайында дамып, халықаралық талаптарға сай білім берудің өзектілігіне айналуда. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандану заманы тілдерді білуді талап етеді. Сол себептен ақпараттық- коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды.

Көпмәдениетті білім беру жүйесінің мәні – көпмәдениетті тұлға қалыптастыру. Әлемдік ымырашылдық қатынасты қамтамасыз ететін әрі бүкіләлемдік ойлауға ие көпмәдениетті тұлға қалыптастыру әлемдік тенденцияға ие болып отыр. Ал адамзат алдында мақсат болып тұрған көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негізгі тәсілі көптілділік екені белгілі. Қазір бүкіл әлемде шеттілдерін оқыту үрдісі әлемдік білім беру стандарты болып табылады. Қазақстан да

батыстық идеяны қолдаушы әрі еуразиялық интеграцияны мойындаушы мемлекет ретінде барлық қатынастар бұл білім беру парадигмасын қызу қолдану үстінде.

Көптілді білім беру дегеніміз- оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Көптілді білім- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жастардың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Кәсіби құзыреттілік дегеніміз ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Бүгінде кәсіби біліктіліктің басты шарты-маманның шетелдердегі әріптестерімен байланыс орнатып, күн сайын ашылып жатқан сандаған жаңалықтардан хабардар болып, озық тәжірибе алмасуды қызметінің тұрақты бір бөлігіне айналдыру қажеттілігі болып отыр. Мұндай талаптың үдесінен шығу үшін маманның тілдік біліктілігі жоғары болуы, яғни оның шет тілдерін, халықаралық тілдерді еркін меңгеруі шарт. Осымен байланысты, әлемге есігін айқара ашқан Қазақстан халқының алдына жаңа міндеттер қойылды. Өзге ұлттың мәдениеті мен тарихын, психологиясын т.б қырларын жетік білу, тану, әлбетте, сол елдің тілін меңгеруден басталады. "Арнайы мақсаттағы ағылшын тілін үйрену" бағытының дамуы, шет тілдерін оқытудағы ортақ әдістеменің дамуымен қатар жүрді. Бірақ студенттер болашақ мамандықтары бойынша кәсіби дағды мен икемділікті ала алатын жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ағылшын тілін кәсіби бағытта оқытудың ерекшелігі; кәсіби саланың өзгешелігін максималды түрде есепке алу болып табылады. Оның тұжырымдамалары мен терминологиясы, лексикалық-синтаксистік және грамматикалық ерекшеліктері, ауызша және жазбаша мәтіндер, ситуациялы ерекшеліктердің қалыбы, сондықтан оқыту нақты кәсіби – мағыналы мақсаттар және міндеттер сәйкестігінде. Басқа тіл өкілдерімен коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігімен және қазіргі заманның кәсіби проблемалары мен олардың практикалық шешім жолдарын айқындайтын тақырыптық және грамматикалық материалдардың таңдалу негізінде құрылады.

Жоғарғы оқу орнында ағылшын тілін оқытудың ерекшелігі, бұл болашақ маманның қажеттіліктеріне бағдарлану болып табылады, өйткені бұл болашақ мамандардың көбінесе өз кәсібіне байланысты әдебиеттер мен құжаттарды оқып, және шет елдік әріптестерімен шет тілінде кәсіби тақырыптарда қатынасу. Болашақ маманның айқындалған қажеттілігін есепке ала отырып, оқыту бағдарламасы кәсіби бағытталған дағдылардың және икемділіктердің қалыптасуын, дамуын және жетілдіруін қамтиды.

Шет тілін кәсіби бағытта оқытудың басты талаптары, бұл оқытудың мазмұны мен мақсаттарын білімгерлердің тәжірибелік қажеттіліктеріне жақындату болып табылады. Бірақ, бұл үшін белгілі бір студенттер контингентінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді жете зерттеу керек және оқу бағдарламасын құрастырған кезде міндетті түрде қызығушылықтар мен мотивацияны ескеру керек. Бұл ең алдымен материалдың таңдалуына, оның сыни мәнін түсінуге, студенттердің кәсіби ерекшелігіне және тіл құзырының деңгейіне жатады.

Студенттердің коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда пікір сайыс сабақтары, ғылыми жоба сайыстары, ғылыми конференциялар мен таңдау курстарының маңызы ерекше. Бұл бағыттағы жұмыстарда студенттердің, тіл мәдениеті аймағында сөз әдебі мен көркем сөз нормаларын меңгеруі арқылы әдеби тілге нәр беретін қайнар сөздер синонимдер мен фразеологизмдер тілдің көркемдегіш құралдарын қолдану дағдысы қалыптасады. Ғылымның және техниканың нақты тілін түсініп, ғылыми-техникалық терминдерді әңгіме барысында сауатты қолдана білуі, студенттердің болашақ мамандығына қатысты жалпы ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару алуы, ағылшын тілінде еркін сұхбат жүргізе алуы, кәсіби-бағытталған бағдарламадағы талапқа сай баспасөз беттерінен, аудиовизуальды және электр құралдары арқылы алынған әртүрлі мәліметтерді – ғылыми-техникалық, саяси-қоғамдық және мәдени-әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас кезінде түсініп, өңдей білуі, кәсіби мамандығына тән мәтіндерді ана тілінен шет тіліне, шет тілінен ана тіліне жазбаша түрде аударуы, кәсібіне тікелей байланысты мәтінге реферат, аңдатпа жазып, сол тақырып төңірегіндегі мәтінге талдау жасап, баға бере білуі – коммуникативтік құзіреттілік.

Студенттердің оқыту қызметі дұрыс ұйымдастырылғанда: шет тілін меңгеру, оқыту және коммуникативті-тәжірибелік деңгейде қатар дамиды. Келешек мамандардың шет тілі бойынша білім меңгеруінің ерекшелігі, кәсіби дағды мен икемділік шет тілін жоғары дәрежеде игеруіне және коммуникативтік дағдының дамуына кепіл бермейді. Шет тілін кәсіби бағытта оқытудың басты талаптары, бұл оқытудың мазмұны мен мақсаттарын білімгерлердің тәжірибелік қажеттіліктеріне жақындату болып табылады. Бірақ, бұл үшін белгілі бір студенттер контингентінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді жете зерттеу керек және оқу бағдарламасын құрастырған кезде міндетті түрде қызығушылықтар мен мотивацияны ескеру керек. Бұл ең алдымен материалдың таңдалуына, оның сыни мәнін түсінуге, студенттердің кәсіби ерекшелігіне және тіл құзырының деңгейіне жатады.

Маманның жоғары кәсіби біліктілігі оның өз мамандығына деген ықыласына байланысты. Шет тілін меңгеру деңгейі де жан-жақты мүдделердің кәсіби қабілетпен сәйкес келген жағдайда ғана ойдағыдай болмақ. Бұл жоғары білім берудің Мемлекеттік стандартымен сипатталады. Студенттерге үнемі жан-жақты кәсіби бағыт-бағдар беріп отыру керек. Техникалық мамандықтарда шет тілін үйрену үшін, студенттерге оның өз мамандығын жан-жақты меңгеріп қана қоймай, оның қазіргі қоғам сұранысына, талаптарына дайын болуы қажет екенін де кәсіби тұрғыда түсіндіру керек. Қазіргі таңда кәсіби бағдарламаға сай шет тілін оқыту білім саласындағы өте маңызды мәселелердің бірі. Шет тілін кәсіби-бағдарлама бойынша оқыту дегеніміз-болашақ мамандығының аясына қарай шет тілін үйрену талаптарын, тілді меңгеріп қана қоймай, сол елдің де мәдени құндылықтарына құрметпен қарау деген сөз. Сондықтан, шет тілін жалпылама үйрету жеткіліксіз. Студенттің елтанымдық білімін дамыту қажет.

Шет тілін оқыту тәсілі жөнінде айта келе, ең алдымен әлеуметтік-қоғамдатілге сұраныс қандай деген сұраққа тоқтала кеткен жөн сияқты. Бұрынғы кездері шет тілін оқыту экономикалық, саяси, халықаралық байланыс сипаттарымен ерекшеленсе, қазіргі таңда халықаралық ғылыми, техникалық және мәдени бірлестіктер тұрғысынан қаралмақ. Сонымен қатар дамыған технологиялар жүйесімен негізгі мәселелер шешілмек. Яғни шеттілін жетік меңгерген кезде ғана заманауи бәсекелестікке бейім тұрааламыз. Болашақ маманның кәсіби біліктілігіндегі шет тілін меңгеру қабілетін жүйелі жүзеге асыру үшін келесідей талаптар орындалғаны жөн:

- өзге тілде сөйлеу мәнерінің мақсатын нақты анықтапалу;
- осы саланың әлеуметтік және кәсіби бағытын білу;
- жеке тапсырмалар беру арқылы студенттердің қабілетінбілу;
- жекеленген тапсырмалар кезінде студенттердің қабілетіндамыту;
- оқыту ортасында жанға жайлы, жағымды психологиялық орта қалыптастыру;

Кәсіби шет тілі ауызша оқыту барысында кәсіби қарым-қатынастың сөйлесу үрдісі жүзеге асырылады. Сондықтан оқу үрдісінде типтік жағдайларескерілуі қажет. Өйткені олар кәсіби байланыстарға ғана тән болмақ. Олар мотивациялық қажеттіліктерді шет тілдік қарым-қатынас жасауда қолданылады, сондықтан шет тілін кәсіби-бағдарламалық түрде оқыту кезінде тек қана эффективті тиімді түрлерді қарастырып қана қоймай, тәжірибиеретінде әртүрлі тілдік оқу, сөйлесу шараларды, рөлдік ойындарды қолданған жөн. Ол кәсіби шет тілді ортаның имитациясын арттырады. Сонымен қатар шет тілдік қарым-қатынас жасауда

студенттің мотивациясын жігерлендіреді. Осындай әдістерден кейін ғана сөйлесу түрлері мен сөйлесу мәнеріндегі тактикалар қалыптасады.

Е.А.Шатурная пікірі бойынша, оқыту келесідей принциптер негізінде қалыптасуы қажет:

- этап бойынша (аталмыш тұжырым бойынша студент ең алдымен оқу-сөйлесу жағдайымен, ал одан кейін рөлдік ойындарға бет бұруы қажет)

- оқу сипатының белсенділігі, жан-жақтылығы, ситуативті-тематикалық оқу үрдістерінің қалыптасуы

- оқудың кәсіби бағдары, пән аралық координациялар, мотивациялар, мәдени аралық қарым-қатынастар;

- студенттің жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескеру.

Жоғарыда аталған тұжырымдарды орындай келе студент келесідей қабілеттерін көрсете алады:

- берілген жағдайда адекватты сөйлеу түрлерін тандап, қолдану;

- кәсіби тақырыптарда әңгіме жүргізу, жұптасып, топ болып жұмысжасап, өз ойларын еркін жеткізу;

- әңгімелесу жағдайында әріптесін тыңдай білу, оның коммуникативтілігін сөйлесу, барысында байланыс мақсатына қолжеткізу.

Кәсіби-бағдарламалық оқыту аясында студенттің шет тілін меңгеру қабілетін келесідей критерийлер арқылы білуге болады:

- кәсіби тілдік білімді меңгеру (грамматикалық құрылымыды білу, лексикалық бағытты меңгеру)

- кәсіби сөйлесу қарым-қатынасына дайындығы (кәсіби-бағдарламалық лексиканың барлық түрлерін білу, өз ойын барлық тіл құралдары арқылы жеткізе білу)

- шығармашылық кәсіби деңгейге дайындығы (мотивация, студенттің танымдық және шығармашылық белсенділігі)

Жоғарыда аталған пікірлерді сараптай келе техникалық білім беру орындарында кәсіби-бағдарламалық шет тілін үйрету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Оған селқос қарауға болмайды. Бұл бағдарламалар адамзаттың соңғы жетістіктері мен ұштасып жатуы қажет, яғни ғылыми жетістіктерді дер кезінде анықтау керек. Кәсіби маман дайындау үшін кәсіби түрде жаңа технологиялар мен ұштастыра отырып, жаңа тіл мүмкіндіктері заман талаптарына, сұраныстарына ие болғаны дұрыс. Оқушының шет тілін меңгеру сапасымен деңгейі сұраныспен белгілі бір мақсатқа ұмтылу барысында жүзеге асырылмақ. Студентті оның болашақ мамандығына сай етіп даярлауда студенттің жеке басының мүмкіндіктерін ескеру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. — М.: Просвещение, 1991. — 116 б.

2 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово/ Slovo, 2008. – С. 264-270

3 Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. «Шетел тілін оқыту әдістемесі», Астана. – 2007.

4 Бабинская П.К., Леонтьева Т.П., Андреасян И.М., Будько А.Ф., Чепик И.В. «Практический курс методики преподавания иностранных языков», Минск. – 2003

5 Rogova G.V. "Methods of teaching English", Moscow. – 1983

РЕЗЮМЕ

Основная цель образовательной концепции Республики Казахстан – сформировать высококвалифицированную и конкурентноспособную личность и дать глубокие знания, соответствующие требованиям современного общества.

RESUME

The main aim of the educational conception of the Republic of Kazakhstan is to form a highly qualified and competitive personality able to study independently and provide with deep knowledge corresponding to modern demands of a society.